

**«Мәңгілік Ел»
орталығын құру тұжырымдамасы**

Орталық құруға негіздеме: «Қазақстан - 2050» Стратегиясын және Мемлекет басшысының 5 институционалды реформасын жүзеге асырудың Ұлттық Жоспарын орындау.

Орталықты құру орны мен уақыты: 2015 жылдың қыркүйегі, Рудный қаласы, Рудный индустриялық институты, № 244 кабинет (жұмыс бөлмесі).

Орталық құрудың мақсаты – «Мәңгілік Ел» идеясының негізінде ұлтаралық, қоғамдық келісім және толеранттықтың қазақстандық моделі шеңберінде жастарды отансүйгіштікке, руханилылыққа, құлықтылыққа тәрбиелеу.

Орталықтың міндеттері: қойылған мақсаттарға қол жеткізуде дамытушылық, білімділік және тәрбиелік шаралар кешенін дайындау.

Орталықтың жұмыс форматы: Рудный қаласының белсенді жастарын ерікті түрде біріктіру.

Орталық жұмысының қатысушылары: жоғарғы сынып оқушыларының, колледж білім алушыларының және Институт студенттерінің, сол сияқты Рудный қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындары мен ұйымдарының белсенді жастары.

Орталық жұмысына қатысушылардың алдын-ала болжалған саны – 30-40 адам.